



"Алтай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2021 жылғы 21 қазандағы № 8/5-VII шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 19/6-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 10 қыркүйекте № 9076-16 болып тіркелді

Алтай ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Алтай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2021 жылғы 21 қазандағы № 8/5-VII шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25020 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген 2-қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алтай ауданының мәслихат төрағасы

Л. Гречушникова

Алтай

ауданының мәслихатының
2024 жылғы 4 қыркүйектегі
№ 19/6-VIII шешіміне қосымша

Алтай

ауданының мәслихатының
2021 жылғы 21 қазандағы
№ 8/5-VII шешіміне 2-қосымша

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі

Ұлы Отан соғысының ардагерлері.

Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер.

Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері.

Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар.

Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар.

Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер.

Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Мұндай адамдардың

жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады.

Қандастар.

Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар.

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар.

Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары.

Толық емес отбасылар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК